



**ШЕШІМ**

**РЕШЕНИЕ**

**28.06.2018 № 275/34-VI**

Астана қаласы

город Астана

**Елорда халқының жұмыспен қамтылуының жай-күйі мен шаралары және қолданыстағы заңнамаға сәйкес жаңа жұмыс орындарын құру бойынша шаралар ұйымдастыру туралы**

Қалалық мәслихаттың сессиясы Астана қаласы әкімінің орынбасары М.Е. Бектұрованың «Елорда халқының жұмыспен қамтылуының жай-күйі мен шаралары және қолданыстағы заңнамаға сәйкес жаңа жұмыс орындарын құру бойынша шаралар ұйымдастыру туралы» баяндамасын тыңдап және талқылап, елорданың атқарушы органдары халықтың жұмыспен қамтылуына ықпал ету шараларын іске асыру және тиімді еңбек нарығы үшін жағдайлар жасау бойынша жоспарлы жұмыс атқаратынын айтып өтті.

Халықты жұмыспен қамту, азаматтарды кәсіпкерлікке тарту және жұмыссыздық деңгейінің өсіміне жол бермеу мақсатында «Жұмыспен қамтудың жол картасы 2020» бағдарламасы және Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасы іске асырылуда.

Астана қаласында 2018 жылдың бірінші тоқсанының қорытындысы бойынша жұмыссыздық деңгейінің көрсеткіші 4,6 пайызды құрайды, бұл республикалық көрсеткіштен 0,3 тармаққа төмен, жастар жұмыссыздығы (15-28 жастағы) – 4,6% (4,7% жоспарында) және әйелдер жұмыссыздығы – 4,7% (жоспар – 4,9%).

Еңбек нарығындағы жағдайды тұрақтандыру мақсатында Астана қаласының халқын жұмыспен қамтуға ықпал етудің 2017 жылға арналған кешенді жоспары іске асырылды. Жұмыссыздарды, оның ішінде халықтың нысаналы топтарын жұмыспен қамту көрсеткішінің орындалуы 108 пайызды құрды, 21730 жоспарында 23429 адам жұмыспен қамтылды.

Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасын (бұдан әрі – Бағдарлама) іске асыру шеңберінде «Бағдарлама қатысушыларын техникалық және кәсіптік біліммен және қысқа мерзімді кәсіптік оқумен қамтамасыз ету» бағыты бойынша колледждер негізінде тегін кәсіби-техникалық біліммен 1050 жас адам

қамтылды, колледждердің және «Атамекен» НПП тізіліміне енген кәсіпорындардың жанындағы оқу орталықтарының негізінде қысқа мерзімді кәсіптік біліммен - 320 адам. «Жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағыты бойынша кәсіпкерлік бастамаларды қолдау, шағын кредиттерді кепілдендіру бойынша шаралар қабылдануда. «Даму» КДҚ» акционерлік қоғамы кредит беру үшін екінші деңгейлі банктерді белгіледі (СБЕРБАНК, АТФ банк, Нұрбанк, Халық банкі). Жұмыспен қамту орталығына жүгінген 493 адамның ішінде 265 азаматқа жолдама берілді.

Бағдарламаның «Халыққа жәрдем көрсету арқылы еңбек нарығын дамыту және еңбек ресурстарының жұмылғыштығы» бағытын іске асыру шеңберінде мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру іс-шаралары ойдағыдай іске асырылуда.

Жаңа жұмыс орындарын құру мақсатында Астана қаласының халқын 2018-2021 жылдарға арналған жұмыспен қамту және экономиканың жаңа басымды секторларында тұрақты жұмыс орындарын құру бойынша тұжырымдамасын әзірлеу жөніндегі Ведомствоаралық штаб (Басқарушы комитет) құрылды. Ағымдағы жылдың басынан бастап 9,7 мыңнан астам жаңа жұмыс орны құрылды, оның ішінде мемлекеттік, үкіметтік және салалық бағдарламаларды іске асыру саласында – 968 орын, кәсіпкерлік және өнеркәсіп саласында – 9000 артық орын.

«Халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ (бұдан әрі – Жұмыспен қамту орталығы) трансформациясы өткізілді. HR-қызметтері ретінде және ортақ ізденушілермен атаулықты күшейту мақсатында жұмыс берушілермен белсенді жұмыс жасау форматы енгізілді. Ізденуші мен жұмыс беруші арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз ету және олардың ыңғайлылығы үшін «Электронды еңбек биржасы» енгізілді, "CZ Astana" мобильдік қосымшасы әзірленіп, әрекет етеді.

Жұмыспен қамту бойынша бірыңғай цифрлік алаң құру үшін enbek.kz. платформасында әрекет ететін база құрылды. Жұмыспен қамту орталығы күн сайын бос жұмыс орындары бойынша деректер қорын жаңартып отырады.

Жұмыспен қамту мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында тұрақты түрде бос орындар жәрмеңкесі өткізіледі. Жыл басынан бастап 6 бос орындар жәрмеңкесі және 2 мини-жәрмеңке өткізілді. Мүмкіндіктері шектеулі адамдарды жұмысқа орналастыру, квоталық жұмыс орындары (пробация қызметінде есепте тұрған, бас бостандығынан айыру орындарынан келгендер) бойынша нысаналы жәрмеңкелер, сондай-ақ білім саласында жұмыссыз мұғалімдерді және техникалық және кәсіптік білім түлектерін жұмысқа орналастыру бойынша жәрмеңкелер өткізіледі.

Ағымдағы жылдың басынан бастап мүмкіндігі шектеулі адамдар санынан 101 адам жұмыспен қамтылды, 1 адам оқытылды, қоғамдық жұмыспен қамтылғаны – 168, жастар саясаты бойынша – 8, әлеуметтік жұмыс орындарымен 17 адам қамтылды. Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және пробация қызметінде есепте тұрған адамдардың ішінде әлеуметтік қорғау шараларымен 44 адам қамтылды, оның ішінде 29 адам

жұмыспен қамтылды, 7 адам ақылы қоғамдық жұмыстарға қатысады, әлеуметтік жұмыс орындарына 2 адам жұмыспен қамтылды. «Электр-газбен дәнекерлеуші», «слесарь-сантехник», және «кран машинисі» мамандығы бойынша қысқа мерзімді курстарда 5 адам оқып жатыр.

Сонымен қатар, Астана қаласы мәслихатының сессиясы халықты жұмыспен қамту бойынша атқарылып жатқан жұмысқа, жұмыссыздықтың төмендеуіне қарамастан, проблемалы мәселелер орын алады. Бұл жұмыс күшіне деген сұраныс пен ұсыныстың сәйкессіздігі, білікті кадрлардың жетіспеушілігі. Тіркелген еңбек нарығына жасалған талдау білім деңгейі бойынша да, салалар бойынша да кәсіптік кадрларды даярлаудағы теңсіздікті көрсетеді, бұл еңбек нарығының бір мамандықтармен артық қанығуын және басқа мамандықтардың тапшылығын көрсетеді.

Кәсіпкерлік арқылы жұмыс орындарын құру бойынша жұмыс жеткілікті деңгейде белсенді өткізілмейді, Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламаның кейбір қатысушыларына микрокредит беру бойынша проблемалар орын алады, Жұмыспен қамту орталығында кәсіпкерлерге микрокредиттің берілуіне бақылау функциялары жоқ. Солай, а.ж. 1 маусымындағы жағдай бойынша 2018 жылдың басынан Жұмыспен қамту орталығына микрокредит алу үшін 493 адам келген, «Даму» КДҚ» АҚ-ға 265 адам жіберілді, бір жоба мақұлданды, екі жоба келісу сатысында.

Қалада өздігімен жұмыспен қамтылған халықпен проблемалар бар, оларды есепке алу реттелмеген. Өздігімен жұмыспен қамтылған халық үшін старттық мүмкіндіктер жоқ, біліктілігін және еңбек өнімділігін арттыруға қызығушылықтың жоқтығы оларға көлеңкелі экономикада жұмыс істеуге мүмкіндік тудырады. Өздігімен жұмыспен қамтылған адамдар салық төлеуден, зейнетақы жинақтарын аударудан бас тартады, әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатыспайды.

Педагогтардың жас бойынша құрамының ұлғаюына және жас мамандардың кері ағынына байланысты қаланың жалпы білім беретін мектептерінде педагог кадрларындағы тапшылығы байқалады. Солай, жастары 60-тан асқан мұғалімдердің саны 6,3 есеге, 20-30 жастағы жас педагогтардың ағыны 2,8 есеге азайды.

Қалада еңбек нарығы үшін қажетті біліктілігі бар мамандарды даярлау шаралары ретінде қосарлы білім жеткілікті деңгейде насихаттанбайды.

Мектеп оқушылары арасында мақсатты, кәсіби-бағдарланған жұмыс және жұмысшы мамандықтарының оң имиджін құру бойынша бұқаралық ақпарат құралдарының бұдан гөрі белсенді ұстанымы қажет.

Жоғарыда жазылғанның негізінде, Астана қаласы мәслихатының сессиясы

### **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «Елорда халқының жұмыспен қамтылуының жай-күйі мен шаралары және қолданыстағы заңнамаға сәйкес жаңа жұмыс орындарын құру бойынша шаралар ұйымдастыру туралы» баяндамасы мәліметке алынсын.

2. Астана қаласының әкімдігіне төмендегі ұсынылсын:

әл-аухатты жақсарту, жұмыссыздықты қысқарту және жұмыспен қамту деңгейін арттыру мақсатында елордада «Жұмыспен қамтудың жол картасы 2020» бағдарламасын және Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасын ойдағыдай іске асыру бойынша шаралар қабылдау, оларды іске асыруға қарастырылған бюджет қаражатының уақтылы және толық игерілуіне назар аудару;

Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту саласында заңнаманы сақтау бойынша Жұмыспен қамту орталығының қызметіне бақылауды тұрақты негізде жүзеге асыру;

Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасының «Жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағытын іске асыру шеңберінде кәсіпкерлік бастамаларды дамыту арқылы жұмыс орындарын құруды қолдау бойынша жұмысты жандандыру. Бағдарламаға тиісті мемлекеттік органдарға алынған микрокредиттерді нысаналы пайдалануна бақылау функцияларын беру бойынша Бағдарламаға толықтырулар енгізу туралы мәселені зерттеу және қажет болған жағдайда Үкіметке ұсыныс жасау.

Педагог кадрларының жетіспеушілігіне байланысты жас педагогтарды жалпы білім беретін мектептерде жұмыс істеу үшін әлеуметтік ынталандыру мәселесін зерделеу.

3. «Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы» ММ-ме және «Халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ төмендегі ұсынылсын:

Азаматтарды жоғары деңгейде жұмыспен қамту үшін халық үшін жұмыспен қамту саласындағы қызметтердің қолжетімділігін арттыру бойынша шаралар қабылдау, жұмыс берушілердің қажетті кадрларға өтінімдерді уақтылы беру тетігін пысықтау;

Қажетті кадрлардағы сұраныс пен қажеттіліктің сәйкесктігін қамтамасыз ету үшін еңбек нарығының жағдайына тұрақты түрде талдау және болжам өткізу, жұмыс берушілерден бос орындар мен лауазымдар туралы мәлімет жинау;

Еңбек нарығында қажетті мамандықтар мен дағдылардың есебімен жұмыссыз азаматтарды кәсіптік оқыту, қайта оқыту, қайта даярлау, біліктілігін арттыру, ақылы қоғамдық жұмыстар ұйымдастыру жолымен жұмыс күшінің сапасын арттыру және бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату бойынша іс-шараларды жалғастыру;

Халық арасында халықты жұмыспен қамту саласында мемлекеттік қолдау шаралары туралы, консультациялық қызметтер көрсету, өздігімен жұмыспен қамтылған, жұмыссыз және табысы аз халықты жаппай жұмыспен қамтуға тарту бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмысын өткізуді жандандыру;

Жұмыс күшінің сұранысын талдау және болжау, жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау шараларын әзірлеу, әлеуметтік кәсіптік бағдарлау өткізумен

халықты жұмыспен қамту, жастар тәжірибесінен өткеннен кейін жұмыс берушіде тұрақты жұмысқа орналасу бойынша бақылауды күшейту;

Халықты және, бірінші кезекте, мүгедектер, жастар, әйелдер, әскери қызметтен босатылған зейнет алдындағы адамдарды жұмыспен қамту саласында әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету шараларын қабылдау, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар, көпбалалы ата-аналар тәрізді халықтың нысаналы топтарына кіретін азаматтар үшін;

Мемлекеттік және үкіметтік бағдарламалар шеңберінде жұмыс орындарының құрылуына мониторинг өткізу;

Трансформацияланатын еңбек нарығында азаматтарға жұмыс іздеуге жәрдем көрсете алатын тиімді жұмыспен қамту қызметтерін құру жөнінде шара қабылдау.

4. «Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы» ММ және «Астана қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы» ММ онлайн-тәртіпте мүгедектер үшін жұмыс орындарын құру кезінде субсидия алу мүмкіндігі туралы жұмыс берушілерге уақтылы хабарлау ұсынылсын.

5. «Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы» ММ және «Астана қаласының Білім басқармасы» ММ еңбек ресурстарының біліктілігін жақсарту және олардың кейін жұмысқа орналасуына кепілдік беру мақсатында қосарлы оқытуды насихаттау жөніндегі жұмысты жандандыру, Астанада тиімді қосарлы оқытуды енгізу бойынша жобалық топ құру, әрекеттегі салалық және озат кәсіпорындармен және оқу орындарымен сертификаттау және шебер-тәлімгерлердің оқытуы тұрғысынан жұмыс өткізу ұсынылсын.

6. «Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы» ММ және «Астана қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы» ММ «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасын іске асыру шеңберінде қалайтын азаматтарды кәсіпкерлік негіздеріне оқыту мүмкіндігін қарастыру ұсынылсын.

7. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Астана қаласы мәслихаты  
сессиясының төрағасы**

**А. Ким**

**Астана қаласы мәслихаты  
хатшысының міндетін атқарушы**

**С. Жүнісов**